



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## 28 маусым-Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні

### Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері!

Сіздерді – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өмірінде орны ерекше. Қалам мен қағазын алып, жақсы жаңалықты халыққа жеткізіп жүретін журналисттер қауымын қашанда құрмет тұтамыз. Себебі билік пен бұқараны байланыстыратын баспасөз саласының майталмандары.

Бүгінде аудандық басылым «Созақ үні» газеті өңірдің шамшырағы. Өткен тарихымыздан сыр шерітіп, жағымды жаңалықтарды жариялап, оқырмандардың ықыласына бөлініп келеді. Ауданымыздың жетістіктерін насихаттауда, қоғамдық-саяси ахуалды сақтау ісінде теріскейлік журналисттердің қосқан үлесі ауқымды. Алдағы уақытта да елдің мүддесі, халықтың талап тілегін жеткізу жолында қызмет атқара беретініне сенеміз.

Баршаңызға, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне шығармашылық табыс, отбасы бақыты мен зор денсаулық тілеймін.

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,**  
Аудан әкімі.  
**Б.БАЙҒАРАЕВ,**  
Аудандық мәслихаттың хатшысы.

Мемлекет басшысы «In Conversation with President Tokayev» атты арнайы панельдік сессияға қатысты. Жиынға «Bloomberg Television» жүргізушісі Манус Крэнни модераторлық жасады, деп хабарлайды Egemen.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Сұрақ-жауап форматында өткен ашық талқылау барысында Қазақстан Президенті халықаралық саясаттағы сын-қатерлер бойынша, әсі-



сіздік Кеңесінің қауқарсыздық танытып отырғанына тоқталды.

«БҰҰ ешқашан мұндай ыңғайсыз жағдайға тап болған емес. Тіпті «Қырғиқабақ соғыс» кезінде де Біріккен Ұлттар Ұйымының бірлігі бұдан әлдеқайда мығым еді. Мен БҰҰ-ның болашағына қатты алаңдаймын. Осы ретте, көпқырлы саясатқа сенемін. Бұл ретте мен халықаралық қауымдастықтың бірлік танытып, ынтымақтаса отырып, екі мемлекеттің бейбіт бітімге келуі үшін оң ықпал етуі керек деп

### Президент Қатар экономикалық форумының арнайы панельдік сессиясына қатысты

ресө Еуропада болып жатқан геосаяси текетіреттер аясында Ресей-Украина қақтығыстары төңірегіндегі оқиғаларға қатысты бірқатар сұраққа жауап берді.

Ресей-Украина қақтығысын бейбіт жолмен шешу жолдарына қатысты сұраққа жауап берген Қазақстан Президенті келіссөздерді жалғастыра берудің маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев-

тың пікірінше, бұл қақтығысты шешуге тараптардың ерік-жігері қажет. Сонымен қатар Мемлекет басшысы халықаралық қауымдастықтағы пікір қайшылығы мен аталған мәселені шешуде БҰҰ Қауып-

санаймын», деді Мемлекет басшысы.

**«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.**

## Айбыны асқақ аудан айнасы

1930 жылы қазан айының 10-шы жылдығында «Социалды шаруа» деген атпен шыққан газеттің бірінші саны халықтың қолына тиді. Бұл Созақ елі үшін, осындағы көзі енді қарақтана бастаған қараша үлкен жаңалық болды. Ол уақытта сауатсыздықты жою науқаны әлі де күшін жоймай, ел ішінде ағарту жұмыстары қатарласа жүріп жатқан. Бұл газеттің алғашқы сандары сауатсыздықты жоюдың алғашқы лептеріне зор ықпалын тигізді. Ел өздері таныған ғаріптерін газет бетінен оқып, оқу, ағарту ісіне белсенділіктерін арттыра түсті. Себебі, орталықтан шалғай, томаға тұйық жатқан бұл аймақ осыған дейін газет-журналдардан бейхабар болатын. Ол кезде аудан орталығы Созақ ауылында еді. Басылым кейіннен «Социалистік шаруа», ал 1959 жылы «Социалистік шаруашылық» деген аттармен жарық көрді.

Газет маңына халықты топтастыру, әрі газет оқырмандарын көбейту үшін, газет жұмысына атсалысатын ауыл-село белсенділерінің қатарын арттыра беру үшін «Социалды шаруа» газетінің алғашқы нөмірлері елге тегін таратылды. Мұның өзі газет оқытандардың санын өсірудегі бірден-бір дұрыс шара болды.

1931 жылдың басынан газет таралымы төрт мың данаға дейін өсті. 1969 жылдың мамыр айынан «Молшылық үшін» деген атаумен жаңарған, жаңа безендірулермен шықса, Тәуелсіздік жылдары «Теріскей», 2008

жылдан екі газет- «Теріскей», «Молшылық» газеттері жарық көрді. Ал, 2012 жылы екі газет бірігіп «Созақ үні» деген атаумен шығып келеді. Бастысы газет

1931-1933 жылдардағы ауданда орын алған асыра сілтеушілікті әшкерелуде, елді күйзелткен аштық зардабының туу себептерін анықтауда бірқатар жұмыстар жүргізді.

Газет бетінде әрбір колхозшының мал өсіру тәжірибесі, әрбір диханның егін егуде іскерлігі үзбей жазылып отырды. Бұл жөнінде ауыл тілшілерінің жіберген хаттарын, жаңалықтарын тоқтаусыз жариялап тұрды. Соның нәтижесінде газеттің беделі артты, таралымы нықталды. Соғыс алдында ауылдардан хабар жазып тұратын тілшілер саны жүзден асты. Күмісті ауылынан З.Қалмырзаев, Д.Мұсаев, Ленин ауылынан Ж.Көбе-нов, Б.Үсенов, Молотов ауылынан Таңатов, К.Кенжебаев, Октябрь ауылынан О.Дәуітов, Ы.Қарымсақов, Балдысу ауылынан П.Қалманбаев, Ө.Төр-ебеков, 1 Май ауылынан Ж.Оқшаев, Ә.Ыбыраев, «Еңбек» ауылынан А.Құл-табаров, А.Сайлаубеков, Қызылкөл ауылынан Қ.Төлеуов, Е.Кенжебаев, Құмкент ауылынан Ж.Күнтубаев, Шолаққорған ауылынан Ж.Атажанов, Созақ ауылынан Тастанов, А.Данияров, «Қызыл Ту» ауылынан М.Мәркенбаев, Б.Көшбаев аудандық газетке үзбей хабар жазып тұратын белгілі тілшілер болды.

Ұлы Отан соғысының басталуына

байланысты тілшілердің көбі әскерге алынды. Бірақ газетке хабар жазушылар саны жастар мен қыз-келіншектер арасынан өсіп шығып, тілшілер қатарын толықтырып отырды. Бұл кезде Ж.Арқарбекова, Б.Батырбекова, Ө.Ерназарова, А.Жүнісова, К.Ерманова сияқты қыз-келіншектер газетке хабар жазып, баспасөздің жұмысына атсалысты.

Газет соғыс кезінде барлық күшті жауды жеңуге, жұмылдыруға шақырып отырды. Майданға тыл жіберген жәрдемдерді үзбей жазып «Майдан мен тыл біртұтас», «Бәрі майдан үшін» деген хабарды үзбей жарияланды. Жеңісті жақындатуға себі тиетін тылдағы іс-қимылдар газет бетінен тұрақты көрініп тұрды. Жауды жеңуге ерлік көрсетіп жүрген ауданнан соғысқа барған батыл ұлдары жөніндегі хабарлар да жиі-жиі жарық көрді. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығы қалпына келтіру кезеңінде де газет міндетін өз дәрежесінде атқарды. Бұл бағытты баспасөздің жергілікті буыны ең алдымен, көңіл-күйді көтеру арқылы, олардың ерлік жігерлерін шыңдауға, сөйтіп еңбек өнімділігінің өсуіне ден қойды. Жігерлендіруші рух беретін түрлі де қажетті айдарлар ашып, қоғамдық дамудың жаңа кезеңіне жұртшылықты жұмылдыра білді. Ауданның экономикалық негізі саналатын қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге қатысты өзекті мәселелер қозғалды.

**(Жалғасы 2-бетте).**

**Баспасөз-2022**  
**2022 жылдың екінші жарты жылдығына аудандық «Созақ үні» газетіне жазылу жүргізілуде**  
**«Қазпошта» арқылы Жеке тұлғалар үшін-2279 теңге 64 тиын, Мекемелерге-6759 теңге 24 тиын**  
**«Ернұр Пресс» арқылы Жеке тұлғалар үшін-2304 теңге.**  
**Редакция арқылы Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.**  
**Жазылуға асығыңыздар!**



## Қоғамдық кеңесте келелі істер кеңесілді

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі аудан орталығындағы «Ардагерлер үйінің» мәжіліс залында өтті. Кезекті мәжіліс жұмысын Созақ аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы ашып, жүргізіп отырды. Жиынға қоғамдық кеңестің мүшелері (кворумға сай), есеп беретін кент, ауыл әкімдері, мекеме, бөлім басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде Құмкент (Фани Пәрдебекұлы) және Жартытөбе (Болат Есенқабил) ауылдық округі әкімдерінің 2022 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есептері және Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің (Бауыржан Әбенұлы), Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің (Қайырбек Мейірманов), «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы, Созақ аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің (Тимур Асқарбаев) 2022 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

«Созақ ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 тамыздағы «Созақ ауданының жалпы үлгідегі мектеп-интернаттарда, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балалардың тамақтану шығыстарын өтеу туралы» № 296 қаулысының күшін жою туралы» қаулының жобасын талқылау. «Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қарашадағы «Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы» №411 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулының жобасын талқылау (А.Исаева), «Созақ ауданында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» (Хабарламашы Д.Құдайбергенов).

«Созақ ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қабестерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы», «Созақ ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу

және жинақталу нормаларын бекіту туралы», «Созақ ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға, және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы», «2022 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы» бірқатар мәселелер қоғамдық кеңес мүшелерінің қолдауымен бекітілді.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша қоғамдық кеңес мүшелері есеп беруші ауыл әкімдері мен бөлім, мекеме басшыларына өздері басқаратын салалар бойынша атқарылып жатқан жұмыстарына қатысты сұрақтарына жауаптар алды. Кейбір әкімдіктер мен бөлімдердің жұмыстары барысында орын алған кемшіліктерін сыға алды, әсіресе мемлекеттік жеңілдікпен берілетін жанар жағар майының сапасыздығы, ауыз су, жарықтандыру, бос жатқан жерлерді тиімді пайдалану, Жылыбұлақ, Қызылкөл көлдері мен бұлақтарының экологиялық жағдайлары, фельдшерлік дәрігерлік пункттердің жай күйі, азық түлік қауіпсіздігі, жерлерімізді пайдаға асырып отырған өндіріс орындарының жауапкершілік серіктестігі, аудан көлеміндегі астықты алқаптарды орып алатын комбайн техникаларының жетімсіздігі сияқты бірқатар мәселелерді алға тартты.

Кеңес төрағасы көптің көкейінде кептеліп жүрген түйткілді мәселер негізінде кеңес хатшысы хаттама түзетінін, сол хаттама негізінде тиісті салалар бойынша сыға алынған мәселелер тиісінше шешім қабылданғанша кеңестің назарында ұсталатынын да ескертіп өтті.

Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелерінің кезекті мәжілісін кеңес төрағасы Мұрат Жексенбайұлы қорытындылап, мәжіліске қатысқан кеңес мүшелеріне ризашылығын білдірді. Осымен Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелерінің кезекті мәжілісі өз жұмысын аяқтады.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## Салық саласында семинар өтті

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын» әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде яғни, ардагерлер, оқушылар, студенттер, бизнес-қоғамдастықтары, діни бірлестіктерінің өкілдері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру бойынша насихаттау жұмыстарын әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде жүргізу мақсатында аудан әкімдігінің мәжіліс залында Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Қызметтік тергеу бөлімінің қызметкері Ж.Байғұттың, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы С.Жуматаевтың және де Созақ ауданының ардагерлері, колледж студенттері, жеке кәсіпкерлер, діни бірлестігінің өкілдері, аудан жастарының, жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен семинар өтті.



Жиынды аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы С.Жуматаев ашып, жүргізіп отырды. Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Қызметтік тергеу бөлімінің қызметкері Ж.Байғұт бүгінгі таңдағы салық саласындағы жаңашылдықтар, өзгерістер және де тиімді қосымшалар жайында айтып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу баршаамыздың міндетіміз екендігіне тоқталып, баяндама жасады. Баяндамадан соң, жиынға қатысушылар тарапынан бірнеше сауалдар

қойылып, сауал берушілер тиісті жауаптар алды. Сондай-ақ, семинарға қатысушылар өз ойларын ортаға салып, пікірталас форматында сөз алмасу жүрді.

Жиын соңында аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы С.Жуматаев жиынға қатысушыларды сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыс жасауға, Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырды.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**

## Айбыны асқақ аудан айнасы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Аудан көлемінде ашылған жаңа совхоздың қалыптасуына қатысты көптеген материалдар газет бетінде жарияланып, шаруашылықтардың алдағы еңбек ететін, өмір сүретін халықтың жарқын болашағына үлкен сенім білдірді, әрі бұған оқырмандардың көзін жеткізе алды.

Газеттің күші мен қуаты оның тілшілері мен авторларының оқырмандарына қатысты болса, ол газет редакциясында қызмет істейтін азаматтарға тікелей байланысты екені анық. Міне, осы тұрғыдан алғанда газетті әр жылдардағы редакторлары мен тілшілерінің Шәріповтың, Антекин Молдағалидың, Абдуллин Кенжеғалидың, Мадзимов Шайдазімнің, Есжанов Пазылбектің, Шерімбетов Молдиярдың, Тұяқбаев Әлімнің, Өмірбеков Есіркептің, Аймұраев Түктібайдың, Маркенов Сәттібайдың, Бектаев Тәуекелдің, Шоқанов Қанатбектің, Ахатаев Төлгенбектің, Зейілбеков Әшімханның, Көшекөв Жәמידің, Рақымбаев Садуақастың, Тәкібаев Әбілданың, Жұмабеков Жанбектің, Сағындықов Тастанның, Нысанбаев Әлтеннің, Мұқанов Бекбайдардың, Нұрмашов Қуаныштың, Есжанов Бәйтбектің, Ердеш Кенжебаевтың, Теміров Махмұттың, Шаяхметов Ордабектің, Қырғызбаев Өтештің, Қасымжан Өмірұлының, Мыңжанов Қазыбектің, Әмзев Кәрібайдың, Анарбаев Бабатың, Барқиев Дәуірбайдың, Керімбаев Жүністің, Анарбаев Әнуардың, Мұратов Елеусіздің, Егенов Жолдасбектің, Шойынбаев Жабалдың, Тәкібаева Ақтоқынның, Сүлейменова Райханның, Шауһарова Мейізаидың, Мұратова Қалдыгүлдің, Дуанәев Ерубайдың, Орынов Білісбайдың, Кенжеқараев Бабарақымның, Работов Биболаттың, Айдарбеков Сатыбалдының, Мырзалиева Тұрғанкулдің, Жақсымбетов Ескерместің, Олжабаев Сабырбектің, Құлмашев Амангелдінің, Омаров Асхаттың, Теңізбаев Сәрсенбектің, Ташенов Төреғалидың, Бақбергенова Фалияның, Шылманбетов Тұрысбектің және басқа да аттары аталмай қалған азаматтардың бір кісідей атсалысу арқасында бұл аудандық басылым ел еңсесін көтеруге жеткізер жаңалық пен жаңарудың жаршысы болды.

1994 жылы Жарылқасын Боранбаев редактор болса, одан кейін Есенбек Кенжеқараев газет жұмысын басқарды.

2008 жылы «Молшылық» газетінің редакторы болып Қалдыгүл Мұратова бекітілді. «Теріскей» газетінің редакторы қызметін Сәрсенбек Теңізбаев атқарды.

Аудандық басылым 1995 жылға дейін аудан орталығындағы баспаханада басылып келді. 1995 жылы баспахана жабылып, аталған жылдың басынан алты ай бойы Шаян баспаханасынан жарық көрді.

Сол жылдың қыркүйек айынан облыстағы барлық газеттер компьютерлік жүйеге көшті. Барлық аудандардың газеттері облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді. Содан 2000 жылға дейін газет «Оңтүстік Қазақстан» газеті редакциясында жа-

салды. Кейін «Замана» газетінде беттелді.

Жаңа ғасырдың басында аудандық басылымға да компьютер жүйесі келіп, газет «Молшылық үшін» газетінің редакциясында теріліп, беттелді.

Қазіргі таңда «Созақ үні» газетінде 12 адам қызмет жасайды. Директорымыз Ержан Әбілпаттаев есімді азамат газет жұмысына басшылық етеді. Газет аптасына екі мәрте сәрсенбі, сенбі күндері шығады. Өткен жылғы таралымы 3000 дана болса, биылғы жылы таралымы 3800 данаға артып, түрлі бояуда жарық көреді.

Редакцияда Мақсат Қарғабай, Нұржамал Майусова, Нұрсұлтан Шертаев, Данияр Беков, Біржан Жандәулетов, Асхан Бақтыбаев, Бағила Аязбаева, Гүлжан Бекжігітова, Құрмаш Тұрғанов, Гүлжазира Шалданбаевалар белсенді жұмыс жасауда.

Газетте 5- Қазақстан Журналистер одағының, 1-Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі бар. Ауданның ауылдар мен елді мекендерінде барлығында дерлік штаттан тыс тілшілері бар. Олардың 2-і Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Б.Айдарбеков, К.Рысметов, С.Бегманұлы, Е.Еспаев, Т.Дінтайұлы сияқты белсенді авторларымыз да өз үлестерін қосуда.

Газет бүгінгі күні өз оқырмандарының сұранысын толық қанағаттандырып, сапалы болып жарық көріп келеді.

Басылым тұрақты түрде «Таным», «Қоғам», «Тылсым дүние», «Тарихи тағылым», «Өтпелі өмір», «Мерей», «Өнеге» «Тағылым», «Тарих», «Созақ таланттары» т.б. айдарларымен жарық көруде. Сондай-ақ, «Шаңырақ», «Өнегелі жанұя», «Жас қанат», «Арай» атты ай сайын газет ішінен арнайы қосымшалар жарық көріп отырады. «Созақ үні» газетінің кәсіподақ ұйымы соңғы бір жылдың ішінде көптеген жұмыстар атқарды. Мекеме жайын, қызметкерлердің тұрмыс-тіршілігін ойлаған мекеме басшысы газет жұмысын автокөлікпен қамтамасыз етті. Редакцияда зейнеткерлікке шыққанша қызмет етіп, бүгінгі жарқын күндерді көре алмай кеткен қызметкерлердің отбасын арнайы шақырып, әруақтарға ас беру шарасын ұйымдастырды. Көзі тірі ардагерлер мен журналистерді арнайы шақырып, дастархан жайып, дәм беріп, қолдан келгенінше сый-сияпаттар жасап құрметтерін көрсетті. «Газет-халықтың құлағы, көзі, һәм тілі» атты жас таланттардың бағын ашып, «Бұлақ көрсен көзін аш» демекші жастарға бағдарлы бағыт сілтеу мақсатында жас ақындар мұшайралары өткізді. Жалпы қорыта айтқанда кәсіподақ ұйымы-қоғамның татулығы мен тыныштығының, замана талабына сай әлеуетті өмір сүрудің алтын баспалдағы! Тоқсан жылдан асқан тарихы бар аудандық басылым алдағы кездерде де оқырмандарға барынша байыпты қызмет жасай беретін болады.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
Газеттің жауапты хатшысы.





«Сөзақ үні» газетінің 90 жылдығына орай өткен жылдары аудандық басылым беттерінде көптеген мақалалар, естеліктер мен әңгімелер жариялаған болатынбыз. Соның бір парасы ретінде газетті әр жылдары басқарған бас редакторлар туралы да халіміздің мүмкіндігіміздің жеткен жеріне дейін түгендеп, олардың өмірдеректері туралы оқырмандарды құлағдар етпекші болғанбыз бірақ бәрін түгелдеп қамти алмадық.


Алайда Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Түркістан облысының қоғамдық саяси тарихының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері мен мекеме басшысы Гүлнар Шардарбекованың зор қолдау көмегімен



Мәмедәлі ӘШІРБАЕВ



Әлім ТҰЯҚБАЕВ



Молдияр ШЕРІМБЕТОВ

# Аудандық газетті басқарған бас редакторлар

бізге беймәлім болып келген Әшірбаев Мәмедәлі, Тұяқбаев Әлім, Шерімбетов Молдияр, Абдуллин Кенжеғали, Мадазим Шайдазим есімді азаматтардың толықтай дерекін тауып берді. Ол үшін мекеме басшысы Гүлнар Шардарбекова мен архив қызметкерлеріне газетіміздің 20 мыңға жуық оқырмандары атынан алғыс айтып, ризашылығымызды білдіреміз.

**1. Шәріпов (1930 ж)**  
**2. Антекин Молдағали (1931-1933 жж)**  
**3. Абдуллин Кенжеғали Абдуллинович** 1896 жылы туылған. Мұғалім. 1924 жылдан 1926 жылға дейін партияға кандидат. 1926 жылдан партия мүшесі. 1917-1919 жылдары мұғалім, оқу бөлімінде инспектор. Қызылорда институтында мұғалім (1922-24) 1924-25 жылдары инспектор, 1929 жылы «Кедей» газетінде хатшы, 1930 жылы Ақтөбе газетінде редактор, 1931 жылы Шымкент «Ленин жолы» газетінде жауапты хатшы, 1933-1934 жылдары Шымкенттегі «Оңтүстік Қазақстан» газетінде редактор, 1934 жылдың 29 сәуірінен бастап Сөзақ ауданындағы «Социалды шаруа» газетінің бас редакторы қызмет атқарды.

**4. Мадазимов Сейдазим** 1905 жылы Шәуілдір ауданы, Қызылөскер ауылында туылған.

1921-23 жылдары Шілік ауылындағы ауыл мектебінде 3 кластық білім алады. 1918-1924 кедей шаруа Темір станциясында Бабрович, Бариев, Мадалинов деген байлардың жалшысы болады. 1924-1928 жылдары Түркістан қаласында қазақы жүн өңдеу бөлімінде жұмысшы, 1928-30 жылдары Шілік ауыл мектебінде мұғалім. 1930-31 жылдары Алматы қаласында партия кадрлық дайындау курсына курсант, 1931-1933 жылдары Сөзақ ауданында партия комитетінде инспектор, 1933-1934 жылдары Шілік ауылына қарасты «Ақтөбе» колхозында колхозшы, 1934-35 жылдары Сөзақ аудандық НКВД-нің паспорт столының бастығы. 1936 жылы «Социалды шаруа» газетіне жауапты редактор. 1936 жылы Сөзақ аудандық партия комитетінде инспектор.

**5. Шерімбетов Молдияр**—1901 жылы Келес ауданы Абай советі, Большевик колхозында дүниеге келген. Әкесі кедей адам болады. 1,5 гектар жері болып, меншігінде аты болмады. Егіс кезінде біреудің қосын айдап, жерін соқамен айдап тірлік ететін. Кейбір кезде біреудің көлігін алып өгіске түгел пайдаланып, жартылай бөлігін, болмаса бір бөлігін беретін еді.

—Ескі уақытта әкем қызметкер, болмаса молда, ишан болған емес. Өзім 1917 жылға дейін атамның қарауында болдым. Сол жылы атам өліп панасыз болдым. Содан бастап

кісі қызметіне жалданып 1926 жылға дейін кісі қызметінде болдым. 1926 жылдан Мақтаарал колхозында 24 жылдың жартысына дейін дала жұмысын істедім. Пахтаарал колхозында жұмыс істеп жүрген кезімнен исполкомның рабочкомы етіп көтеріп содан бері қызмет істеп келемін. 1931 жылы партияға кандидат болып өтіп, 1938 жылы партияға мүше болдым. Өзімнен туғандарым Келес ауданы, Абай советі, Большевик колхозында колхозшы. Туысқандарымнан советке жат болып ұсталғандары жоқ. Ал, жолдасым болса кедейдің қызы. Туысқандары Пахтаарал Егіншілік колхозында колхоз мүшесі болып жұмыс істейді. Қызмет бабында ешқандай сөгіс алған емеспін. Қызмет еткен жылдарым личный листокқа көрсетілді. СССР және КССР ұлт советінің сайлауында сайлау комиссиясының председателі болдым, —деп жазған өз өміржолы туралы.

**6. Тұяқбаев Әлім**—1914 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданының Шәуілдір ауыл советінде туылған. Революциядан бұрын, соңда бір жылқы, бір түйе, бес майда бас малы болған кедейдің баласы. Әкесі 1938 жылы шешесі 1935 жылы қайтыс болады. Туысқандарынан сотталған, сайлау правосы жойылған және ақтардың әскеріне қатысқан, болмаса шет мемлекеттерде тұратын ешкімі жоқ.

—1939 жылдан ККБ-нің мүшесімін. Партия ұйымынан ешқандай жаза алған емеспін, —дейді Әлім Тұяқбаев.  
**1.** 1931 жылдан VI-1932 жылға дейін Шәуілдір ауданы Ногин атындағы колхозда колхозшы болады. 1932 жылдың маусым айынан қараша айына дейін Түркістан қаласында 5 айлық ФЗУ мектебінде оқиды. 1932 жылдан 1933 жылдың қарашасына дейін Шымкент қорғасын заводының ФЗУ мектебінде оқиды. XI-1933 жылдан VI-1935 жылға дейін Шәуілдір ауданының Ногин атындағы колхозында егіс бригадирі болып істейді.

VI-1935 жылдан VI-1936 жылға дейін КЛКЖО Шәуілдір аудандық партия комитетінің іс басқарушысы болып қызмет атқарады, 1936 жылдан 1936 жылға дейін КҚСБ обкомінің жанынан ашылған 2 айлық газет қызметкерлерінің курсына оқиды. 1936-1937 жылда Шәуілдір аудандық «Социалистік Шәуілдір» газетінде жауапты хатшы, ҚКБП Шәуілдір аупкомінде басқарушы болып істейді.

XI-1937 жылдан I-1939 жылға дейін КЛКЖО Шәуілдір аупарткомының секретары болып қызмет атқарды.

I-1939 жылдан IX-1940 жылға дейін ҚЛКЖО Түркістан аупарткомының секретары болып істеді.

IX-1940 жылдан X-1942 жылға

дейін Сөзақ аудандық «Социалды шаруа» газетінің жауапты редакторы болды.

X-1942 жылдан X-1945 жылға дейін Қызыл Армия қатарында қызмет атқарды. Ұлы Отан соғысына қатысты.

X-1945 жылдан бері облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейді.

**7.Өмірбеков Есіркеп** 1942-1952 ж.ж

**8. Әшірбаев Мәмедәлі**—1921 жылы Түркістан уезі, Сырдария губерниясы, Чачагин қыстағында кедей шаруаның отбасында дүниеге келеді.

Әкесі Батырбеков Әшірбай Қазан төңкерісіне дейін және қазан төңкерісінен кейін де кедей шаруа болады. 1924 жылы қайтыс болады. Әкесі өлгеннен кейін анасы екеуі осы ауылда тұратын үлкен ағасы Әшірбаев Илиястың тәрбиесінде болады. 1931 жылы ауыл мектебінде оқып, одан Түркістан қаласындағы педучилищеде оқып, 1940 жылы бітіріп шығады. Училищені бітірген соң аудандық «Қызыл Түркістан» газетінде бұқарамен жұмыс бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. 1940 жылы сәуір айында Түркістан қалалық әскери комиссариат арқылы әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысып 1946 жылы мамыр айында аға лейтенант шенінде КСРО Жоғары Кеңесінің Президумының Жарлығымен әскерден босайды. 1946 жылдың маусым айында Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Қаратау кеншілері» газетінде әдеби тілші болып кіріп, 1948 жылдың наурыз айына дейін жұмыс атқарады. 1940-1944 жылдары аралығында ВЛКСМ мүшесі, 1948 жылдың қазан айынан коммунистік партия қатарында болады.

1948 жылдың наурыз айынан бастап Түркістан қаласындағы «Қызыл Түркістан» газетінде жауапты хатшы, 1950-52 жылдары Алматы қаласындағы партия мектебінде екі жыл толық курсы оқып білімін жетілдіреді де 1952-1954 жылдары Сөзақ аудандық газетінде редактор қызметін атқарады. 1954-56 жылдары Бостандық аудандық газетінде бас редактор, 1956-1960 жылдары Шаян аудандық газетінде бас редактордың орынбасары, 1960 жылдан Түркістан аудандық газетінде бас редактордың орынбасары қызметін атқарады.

1960-1963 жылдары «Қызыл Түркістан» газетінде жауапты хатшы және редакцияның бастауыш партия ұйымының хатшысы, 1963-1967 жылдары аралығында Түркістан қаласында «Коммунистік еңбек» газеті Бас редакторының орынбасары қызметтерін атқарады.

**9.Өмірбеков Есіркеп**—1954-1963 ж.ж-1920 жылы Түркістан уезіне қарасты Сарыөзек болысында Қаратау ауылында өмірге келген. 1939 жылы Шолақорғанда жеті жылдықты бітіріп 1941жылы Түркістандағы педучилищені, 1956 жылы Қазақстан Орталық партия комитеті жанындағы, партия мектебін, ал 1959 жылы жоғарғы партия мектебін оқып шығады.

Еңбек жолы жұмысшыдан бастап, 1942 жылы «Социалды шаруа» газетінің редакторы болды. Ел басына түскен ауыр кезеңде Есаға басшылық жасаған аудандық газет журналистердің қандылық деректерімен жан-жақты көрініс табады. 1963 жылы Түркістан, Шаян, Шәуілдер, Сөзақтағы аудандық газеттерді қосып, «Қызыл Түркістан» газетіне біріктірілді. Есағаны редакторлық қызметке шақырды. Облыстық партия комитетіне де қызметке ұсынылады. Алайда Есағаның таңдауы аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағалық қызметіне түсіп, онда ұзақ жылдар еңбек етіп 1982 жылы осы қызметтен зейнеткерлікке шығады.

**10. Мейрманов Ырысбек**—1956-1959 ж.ж

**11. Серімбетов Шернияз**—1959-1964 ж.ж

**12. Бектаев Тәуекел** 1964-1967 ж.ж. 1973-1985 ж.ж.-1925 жылы Сөзақ ауданының «1 Май» колхозында туылған, ұлты қазақ, білімі жоғары, 1969 жылы Алматы қаласындағы КПСС Орталық Комитеті жанындағы сырттай жоғарғы партия мектебін бітірген. 1948 жылдан КПСС мүшесі.

Бектаев Тәуекел өзінің еңбек жолын 1942 жылы бастауыш мектепте мұғалім болып бастайды. Кейін 1943 жылдан 1945 жылға дейін Ұлы Отан соғысына толық қатысқан.

Жеңістен кейін ол 1950 жылға дейін Совет армиясы қатарында қызмет етеді.

1950-51 жылдары аудандық ауылшаруашылық бөлімінде инструктор, 1951-53 жылдары аудандық кинофикация бөлімінің меңгерушісі, 1953-59 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1959-62 жылдары «Социалистік шаруашылық» газетінің бөлім меңгерушісі, 1962-63 жылдары аудандық партия комитетінде инструктор, 1963-64 жылдары аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1964-67 жылдары аудандық «Молшылық үшін» газеті бас редакторының орынбасары, 1967-68 жылдары аудандық партия комитетінің меңгерушісі, 1971-73 жылдары аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1973-85 жылдары «Молшылық үшін» газетінің редакторы, 1985 жылы дербес зейнеткер ретінде пенсияға шығады. 1996 жылы 21 тамызда қайтыс болады.


**Жарылқасын БОРАНБАЕВ**

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Бірнеше мәрте халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты болып сайланды. 1956-58 жылдары екі жылдық экономика мектебінде, 1964-69 жылдары Мәскеудегі СОКП Орталық комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебін сырттай бітірген. 1960-85 жылдары 26 жыл аудандық газетте қызмет істейді. «I және II дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен, «Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 50 жыл» «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл» «В.И.Лениннің туғанына 100 жылдығы» және тағы басқа көптеген медалдарымен марапатталған.

**13. Жақанов Ескермес-1985-1989** ж.ж. Ескер Жақанов 1940 жылы туылған. Ескермес десек, аудан жұрты Ескер деп атап өткен, биыл сексеннің сеңгіріне шыққан, журналист, бүгінгі «Созақ үні», кешегі «Молшылық үшін» газетінің 1985-1989 жылдардағы бас редакторы атанған, ардагер журналист Ескермес Жақановтың үйіне бардық. Қасымда қарияның қызы, кәсіпкер шөлаққорғандық Несібелді Ескермесқызы бар. Көкеме хабарлашып ол кісінің ауылда ма, әлде әлдеқайда қыдырып кетті ме, осы жағынан хабарын айтып байланыстырып, дәнекер болған Несібелді қарындасым еді. Біз барғанда қарт журналист Қабдеш Жұмаділовтың «Көкжал» хикаяттар шығармасы мен Асхат Шарипжановтың «Отпуск уходящий в вечность» деген орысша мақалалар кітабын парақтап жатыр екен. Кітаптың бел ортасына келіпті. Қимыл қозғалысы ширақ, ойы сергек қариямен әңгімелесуге асықтым.

Әкем Әбішев Жақан 1900 жылы дүниеге келіп, 1944 жылы өмірден озды. Аз ғұмырында көрмеген қорлығы қалмады. Алдымен Шөлаққорған ауылдық кеңесінің төрағасы, кейін «халық жауы» атанып ұсталардан алдын «Жеткіншек» колхозының төрағасы қызметін атқарды. Ұсталған мезетте Ақтөбенің түрмесіне апарып жауыпты. Жеті жылға сотталып, 1944 жылы жазықсыз деп танып ақтапты. Әлі есімде 1968 жылы жұмыста отыр едім. Жақанның баласымысың? Мен Жақанмен абақтыда бірге болғанмын. Әкең маған сондай қамқор болып еді,-деп бір екі кісі айтқанда еріксіз кезіме жас келді. Бұл менің әкеме деген сағынышымның белгісі еді. Ол кісіні есімі Нәби сүлгетай кісі еді. Анам Қалбаева Мәлика он құрсақ көтерген екен. Бәрі қызылшадан, түрлі аурудан шетіне беріпті. Мені 1938 жылы төркіндеріне төркіндеп барып, қазақтың түрлі ырымын жасап келіп көтерген екен. Содан ауылда бір есепші кісі бар екен. Сол кісі Алла Тағала «бұл сәбидің бар екенін ескермесін» деп ырымдап есімді Ескермес қойған екен. Газет 1930 жылы «Социалды шаруа» деген атпен жарық көрсе, алдағы жылдарда 95жылдыққа аяқ артып тұрған газеттің бетінде қолтаңбасы қалған қарт журналистің газетке жұмысқа кіргеніне 62 жыл уақыт өтіпті.

1957 жылы мектепті бітірдім. 1958 жылы аудандық «Социалистік шаруа» газетіне баспагер болып алғаш жұмысқа орналастым,- деп әңгімесін

**Қасымжан ӨМІРҰЛЫ**

үзіп аз-кем ойға беріліп, үнсіздіктен соң әңгімесін қайта жалғады.

-1959 жылы аудандық газет төрт беттік болып алғаш оқырманға жол тартты. 1962 жылы Шаян мен Созақ ауданы Түркістан қаласына қосылып өлкелік аудан болды. Осы жылдары мен амалсыз аудандық су шаруашылығы мекемесінде су технигі, одан аудандық статистика бөлімінде экономист болып жұмыс атқардым-деп қария әңгімесін сабақтады. Бар-жоғы он кластық біліммен осындай жауапты қызметтер атқару жас та жігерлі азаматтың алғырлығы мен білімге, өмірге деген құштарлығынан болса керек. Шөлаққорғандағы қазіргі «Есен» сауда үйі орналасқан жерде Луначарский атындағы аудан орталығындағы жалғыз орта мектеп болған, кейін Ы.Алтынсарин атындағы мектептің құрылысы бой көтерді. Ескер ағай сондай-ақ Алматы қаласындағы КПСС Орталық комитеті жанындағы партия мектебінде тыңдаушы болады. Міне, бар-жоғы осындай біліммен елге қызмет етеді.

-Бесінші клас оқып жүргенде газет-журналдарды күнделікті үйге әкеліп үзбей оқып тұратын едім. Кейін М.Әуезовтің әңгімелерін, Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романдарына «тіс батыра» бастадым.

1959 жылы газет төрт бет болды да бас редактор Рысбек Мейірманов деген азамат өз еліне кетті. Қай жерден екенін ұмыттым. Өзі керемет суретші болатын. Солақай қолымен салатын. Қаламды алып екі-үш сүйкесе болды Лениннің суреті шығатын.

1958-60 жылдары газетке жергілікті газет қызметкерлерінің сын, фельетондары жиі жарық көріп тұрды. «Сот оттай да біледі, соттай да біледі», «Табысынан тамы үлкен» деген сияқты мақалалар жиі жарық көрді. Бір жолы 1967 жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төлепбек Назарбеков барлық редакция тілшілерін шақырып алып: «Келіншеқтауды айналдырып жаза беріңдер, сында не шаруаларың бар деп» деп ұрысқаны бар. Осы жылдары аздап сынға іркіліс болды.

1986 жылы СОКП Орталық Комитетінің «Сөз бостандығы» туралы қаулысы шығып, қайта сынға, фельетонға жол ашылып, журналистердің тұсауы шешіліп, адымы ашылды. Түрлі сыни мақалалар шықты. Сын бар жерде шаруашылықтарда, ауданның қоғамдық өміріндегі көзге көрініп тұрған міндері түзелді. 1985 жылы ауданға Шерімқұлов Досыбай басшы болып келді. Редактор Тәуекел Бектаев зейнет демалысына шықты. Мені шақырып алып аудандық газетке бас редактор болып баруымды айтты. Ол уақытта мен аудандық партиялық комиссияның штаттан тыс бөлім меңгерушісі қызметін атқаратын едім.

1963 жылы сәуір айында райкомға шақырды. Шақырған райкомның үгіт-насихат бөлімі екен. «Газет ауданға қайта келмейін деп жатыр. Қазір кадрларды іріктеп жатырмыз» деді. 1963 жылды 1 мамыры күні «Молшылық үшін» газетінің 1-ші саны жарық көрді. Арада бірнеше жылдық үзілістен кейін. Газетте алдымен корректор, әдеби қызметкер болдым. Біліміміз

**Тәуекел БЕКТАЕВ**

орта мектептік ғана еді. Бір жолы бөлмеге бас редакторымыз Серімбетов Шернияз кіріп келді де Мұқанов Бекайдар, Бектаев Тәуекел үшеуіміз отыр едік. Бір-бір ақ парақтан таратып газеттің «макетін сызыңдар» деді. Мен сызуға ебім жақсы еді. Дерекетті сызып бердім. Барлығымыздан қолымыздағы сызылған макеттерді алып кетті. Кейін Мұқанов Бекайдар райкомның ауыл шаруашылығы бөліміне ауысып, кетті де мен жауапты хатшы болдым. Арада уақыт өте Қасымжан Өмірұлы оқу бітіріп келген жас журналист ретінде қызметке келіп жауапты хатшы болды да, мен редактордың орынбасары болдым.

**14. Өміров Қасымжан-1989-1995** ж.ж. Қасымжан ағамыз 1944 жылы 8 мамырда Жартытөбе ауылында туылған. Орта мектеп бітіргеннен кейін 1960-62жж кеңшарда жұмысшы болған. 1962-65 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери авиация саласында қызмет еткен. 1965-1967 жылдары аудандық «Молшылық үшін» газетінде корректор, фото тілші, әдеби тілші қызметтерін атқарған. 1967-1972 жылдары Қазақ Мемлекеттік университетінде оқып журналист мамандығын алған. 1972-1998 жылдары «Молшылық үшін» газетінде жауапты хатшы, редактор, аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. 1998-2008 жылдары Д.А.Қонаев атындағы қордың «Аталар сөзі» газетінде редактор болды. Ол Ресейдің «Партийная доблесть» орденімен және Республикалық 6 медальмен, көптеген Алғыс хат, Грамоталармен марапатталған.

**15. Боранбаев Жарылқасын** (1995-2002ж.ж.) 23.02.1947 Алғабас ауданы (қазіргі Бәйдібек), Ақбастау ауылында дүниеге келген. Ақын. Шымкент педагогика институтының тіл және әдебиет факультетін тамамдаған. 1972-1994 жылдар аралығында халық ағарту саласында еңбек еткен. 1995 жылдан Созақ аудандық «Молшылық үшін» газетінің редакторы қызметін атқарған. Ең алғашқы шығармасы 1965 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетінде «Жаңа жыл жыры» деген тақырыппен жарық көрген. Ақынның «Жанартаулар», «Гүлдесте», «Жылы жақтың жаңбыры», «Мәңгілік өмір», «Масасыз әлем» жыр жинақтары, «Баба Түкті Шашты Әзіз әулие» атты тарихи-танымдық, т.б. жырға жуық кітаптары жарық көрген. «Ана тілі» газетінің саңлағы, «Айғақ», «Оңтүстік Қазақстан», «Шымкент келбеті» газеттерінің жыл лауреаты атанған. 2010 жылы «Қазақстан» ұлттық телеарнасы ұйымдастырған ақындар мүшәйрасының жеңімпазы. «Қазақтың дастарханым» атты шығармасы орта мектеп бағдарламасында оқытылады. Қазақстан Жазушылар мен Журналистер одағының мүшесі. Ж.Боранбайдың есімі «Қазақстан жазушылары» анықтамалығы мен «Оңтүстік Қазақстан: шығармашыл зиялылар» энциклопедиясына енген.

**16. Кенжеғараев Есенбек Рысбаулы** (23.04.1947 ж.) – журналист. Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетін және Қазақ ССР кинематография жөніндегі

**Есіркеп ӨМІРБЕКОВ**

Мемлекеттік комитеттің Жоғарғы курсы бітірген. Қазақстанның Құрметті журналисі. Республикалық теледидардың «Құрдастар» творчестволық бірлестігінде еңбек еткен. «Жапанды жастық жаңғыртты» телеочеркі мен «Қаратау перзенті» радиоочеркі жүлде алған. 1982 жылдан Созақ аудандық кинокөрсету кәсіпорнында директор, 1994 жылдан Созақ ауданы бойынша тұңғыш рет ашылған «Созақ теледидары» редакциясына Бас редактор, «Молшылық үшін», «Теріскей» газеттері мен Созақ аудандық «Нұрлы Созақ» телеарнасы ЖШС директоры-Бас редакторы болып істеген. Шертпе күйдің шебері Т.Момбеков жайлы «Күйші құдіреті» және тағы да басқа бірнеше телефильмдердің, «Теріскей түлектері жауынгерлік сапта», «Мен Созақтың перзентімін», «Жылдар-жылдар», «Байланыстың күре тамыры», «Мылтықсыз майдан ерлері», «Сырлы Созақтың Сағыны» кітаптарының авторы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі мен Халықаралық «Таңдаулы адамдар» Үлкен Энциклопедиясының Батыры Құрметті белгісінің, «Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері. Оңтүстік Қазақстан облысының Грамотасы және Қазақстан Журналистері Конгресінің Құрмет Грамотасымен, облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Қазақстан Журналистерінің 3-ші съезіне, Қазақстан Журналистері Конгресіне, Еуразиялық журналистердің 5-6-7-8-9 –шы Медиаторумына қатысушы.

**17. Теңізбаев Сәрсенбек**

**18. Мұратова Қалдыгүл Қамалқызы** (19.04.1955 ж. Созақ ауданы, Абай а.) 1981 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген, Еңбек жолын аудандық «Молшылық үшін» газетінен бастайды. Әңгіме, мөлтек сыр, новеллалары 1977 жылдан бастап республикалық «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» газеттерінде, «Қазақстан әйелдері» журналында жиі жарық көреді. 2008 жылдан 2011 жылға дейін аудандық «Молшылық үшін» газетінде қыз-келіншектер арасынан шыққан тұңғыш редактор болып қызмет атқарады. Ақын, прозашы. Новелла жанында жазған туындылары оқырман ықыласына бөленіп келеді. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

**19. Теңізбаев Сәрсенбек** 1962 жылы Құмкент ауыл әкімшілігіне қарасты Қызылкөл елді мекенінде туылған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген.

1994 жылдан бері «Молшылық үшін» газетінде жауапты хатшы, бас редактор қызметтерін атқарған. Қазір таңда «Созақ үні» газеті редакциясы» ЖШС-нің бас редакторы қызметінде. Өлеңдері мерзімді басылымдарда жарияланып жүр. ҚР Журналистер одағының мүшесі.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ,**  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі.



Ислам дінінің тарихы көптеген жағымды және жағымсыз оқиғаларға куә. Сол жағымсыз оқиғалардың ең бастыларының бірі ислам діні бағытында құрылған діни-саяси ағымдардың пайда болуы десек қателік болмас. Әрине, қоғам арасында радикалды ағым өкілдеріне тән белгілі көріністер бар. Яғни сыртқы формасына қарап басқа ағым өкілдері ғой деп жатамыз. Бұл көбінесе сақал, балақ, қара киім сияқты белгілерге қатысты. Дегенмен, қазіргі кезде радикалды топтардың арасында әртүрлі түсінікке қарай бөлінетін бірнеше

дық сенімді кәләмдық дәлелдер қолдану және ақылды нақылдан (аят пен хадистен) жоғары қою арқылы бұзған. Әсіресе мұташабих аяттар мен хадистердің Алланың ұлылығына сай жорамалдауға қатаң қарсы болған Уаххабилер сопылыққа да қарсы шығады.

Ал Афгани-Абдух бағыты болса сенім саласында кәләм ғалымдарының қолданған методтына жалпы қарсы шықпайды; Философия, логика және кәләм сияқты ғылымдарды жоққа шығармайды, мұташабих аяттар мен хадистердің, Алланың жаратылған

тындығын алға тартады, өйткені қияс «Алланың дінінде жеке көзқарас бойынша үкім шығару» болып саналған. Мәселен, қиясты жоққа шығарған захири бағытының өкілі Ибн Хазмның, Құран мен сүннетте доңыз етінің харам екендігі айтылған. Бірақ доңыз майының харам болуына қатысты Құранда да хадисте де ешбір үкім жоқ. Сондықтан доңыз майы харам емес деген қорытынды шығарғаны сияқты. Бұл діни қағидаларды тікелей түсінуден туындаған мәселелер. Егер, Құран мен хадистерде айтылған мәселелерді тікелей

## Неосалафилік идеологияның шынайы бейнесі

топтар қалыптасқандығын назарға алатын болсақ барлығын аталмыш белгілеріне қарап тануға болады деп айта алмаймыз. Қазақ халқында «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген тамаша қанатты көз бар ғой. Сондықтан, сыртқы көрінісі күмән тудырмағанымен іштей радикалды көзқарас идеологиясын жақтаушылар да бар. Міне сол үшін кез-келген радикалды ағымдарды олардың ұстанымдары, көзқарастары, оқитын кітаптары мен тыңдайтын лидерлеріне қарап таныған анағұрлым сенімді болмақ.

Қазіргі әлемдегі мұсылман бейнесіне және ислам елдерінің діни-саяси ахуалына үңілсек аталмыш фактордың қаншалықты маңызды екендігін көреміз. Осы ислам тарихында қалыптасқан түрлі діни-саяси ұстанымдардың бірі сәләфизм бағыты. Бұл бағыттың елімізде де барынша тарап, әртүрлі түсініспеушіліктерге негіз болып жатқандығын да жоққа шығаруға болмайды. Олай болса, сәләфизм бағытының шынайы діни-саяси негіздерін айқындау, олардың бет-бейнесін білу, дәстүрлі діни ұстанымдағылар мен қарапайым халық үшін өте маңызды. Бұл азаматтардың діни сауатын көтеріп, діни бағытын айқындау да және еліміз үшін теріс көзқарастағы ағымға қарсы күресте өз ықпалын тигізгісі сөзсіз.

Сәләфизм немесе Уаххабизм түсінігінің қалыптасуында бірнеше діни ерекшеліктер бар. Олар, қалыптасқан сунниттік бағыттағы мектептердің ұстанымдарынан бөлек сенім мен ұстанымға негізделген. Мәселен, Сәләфизм дүниетанымына негіз болған діни көзқарастар мен қайшылықтар Аллаңның заты, тәухид (Құдайға серік қоспау), күпірлік, жиһад, бидғат (жаңашылдық) сияқты мәселелерді қамтиды.

Алғаш рет Мысырда Жамаладдин Афгани мен шәкірті Мұхаммед Абдух тарапынан басталған «Исламды құтқару» (тазарту) қозғалысы, кейіннен Сәләфия деген топтың пайда болуына негіз болған. Соған ғасырлас пайда болған Сауд Арабиясында өмір сүрген Мұхаммед бин Абдулауахб басқарған Уаххабизм қозғалысы да кейіннен сәләфизм болып аталған. Бұл екі ағымның арасында негізінен үлкен айырмашылықтар болмаса да мынадай мәселеде бір-бірінен ерекшеленеді.

Сенімде Уаххабилер Кәләмдық мазхабтарды мойындамайды. Суннизмдегі екі үлкен кәләм ғалымы Әбу Мансур әл-Матуриди мен Әбул-Хасан әл-Ашғари Уаххабилердің пікірінше, таза ислам-

дарға ұқсастығы пікірі болмауы үшін жорамалдауға қарсы болмайды.

Уаххабилер, фикһтық мазхаб ретінде Ибн Тәймияға және шәкірті Ибн Қайюмның жолын ұстанады. Басқа мазхабтарды истихсан, истилах сияқты дәлелдерге орын бергені үшін бидғатшылықпен кінәлайды. Афгани-Абдух бағыты болса, жалпылама бір ғана мазхабты ұстануды жоққа шығарып, барлық фикһ мазхабтарын біріктіруге тырысады. Осындай аздаған ерекшеліктері бар аталмыш екі бағыт уақыт өте келе бір-біріне жақындап «Сәләфитік» деп аталған.

Сәләфистердің ең танымал ерекшеліктерінің бірі мұташабих аяттар мен хадистердің тікелей мағынасын негізге алу түрінде көрініс табады. Бұл пікір бойынша, Құранда және хадисте баяндалған «қол, жүз, келу, отыру, түсу, Ғарышқа шегіну, ашулану, күлу» сияқты сипаттар, жаратылған мақлұқтар жайлы нені білдірсе, Алла жайында да соны білдіреді. Алайда, Құранда орын алған көптеген аят, Алланың мұндай сипаттарын жаратылғандардың сипаттарына ұқсастудың дұрыс еместігін ортаға қояды.

«Пайғамбарда (с.а.с.) сендер үшін тамаша үлгі бар» аяты мен «Менен кейін шыққан нәрселердің барлығы бидғат. Әрбір бидғат адасушылықтан басқа ештеңе емес» деген хадисін негізге алып, тура мағынасында түсінетін қазіргі сәләфилер пайғамбардың айтқандарынан басқаның барлығы бидғат деген жорамал жасап, барлық жаңашылдыққа қарсы шығады. Тіпті дәрет алғаннан кейін орамалға сүртінуді де кейде мәкруһ санаса, кейде қаттырақ кетіп тым салады. Аяттар мен хадистерде орамал туралы айтылмағандықтан қолдануға рұқсат етілмейтінін айтады.

Қазіргі кезде бізден мың екі жүз, мың үш жүз жыл бұрын өмір сүрген хадис рауилерінің халін білудің бір ғана жолы бар. Ол осы хадис ғалымдарының осы мәселедегі көзқарастарын қазірге дейін жеткізген кітаптарға жүгіну. Олай болса, біздің қандай да бір хадистің сенімді болуы болмауын бағалауымыз тек хадис ғалымдарының жеке үкімдеріне сүйенеді, бұл өз кезегінде «тақлид» саналады. Егер қандай да бір ғалымның көзқарасын, дәлелін білмей тұрып қабылдау болып саналатын еліктеу (тақлид) харам болса, бұл харамды сәләфилер да жасап отыр деуге болады.

Сәләфилердің кейбір топтары діндегі қияс дәлелінің саналмай-

түсініп, оларды ислам дініндегі қағидалардың жиынтығы шеңберінде қарастырмаған жағдайда діни қателіктерді былай қойғанда сенім мәселесінде де үлкен қателіктерге жол берілетінін аңғару қиын емес.

Бұл ағымды ұстанушылар бастабында шииттік көзқарасқа қарсы шығып «сунна» бойынша қабірді зиярат ету көзқарасын қалыптастырып, шииттердің мешіттерін қыратып, мешіттерге мұнара салуға, намаздан кейін тасбих қолдануға тиым салған. Барлық нәрсенің исламның алғашқы ғасырындағыдай қарапайым болуын қалап, айналаныңдағыларға уағыздай бастайды. Қазірде Ибн Таймияның идеологиясының жақтастары мұсылман елдерінде қайтадан көбейе бастап, тек шииттік көзқараспен ғана емес дәстүрлі мазхабты ұстанушыларға да қарсылықтарын көрсете бастады. Тіпті олардың қатарынан басқа террорлық ағымдардың қатарын толықтырып жатқандар да бар деуге негіз бар. Олай болатыны аталмыш ағымның қатарына кірген адамдар діни мәселеде терең көзқарасқа ие болу, білімін жетілдіру, сыни ойлай білу, мұсылман әлемін біртұтас қарастыру сияқты талпыныстардан алыс, көбінесе, әсіресе елімізде таралып жатқан пікірлер тек кітапшалар, уағыз бейнебаяндар, ауыздан ауызға және тағы басқа сияқты тәсілдермен таралғандықтан жүйелі білім алу үдерісінен алыс.

Бұл түсініктер өз кезегінде еліміздегі діндарлар мен дін ұстанушылар арасында көзқарас қайшылығын ғана тудырып қоймай, ел арасындағы діни түсінікке, дінге деген көзқарасқа, тіпті исламға күдікпен қарауға иетермелеп отырғандығы аян. Сонымен қатар, діни тұрғыдан жүйелі білім алмаған, тек сыртқы көрінісіне жабысқан жастар арасында әртүрлі радикалды әрекеттерді көріністері арта түседі. Тіпті экстремистік немесе террористік ұйымдардың қатарын толықтырып жатқандар да солар болмақ.

Пайғамбар (с.а.с.): «Алла Тағала сендердің түрлеріне және малдарыңа қарамайды, тек жүректерің мен амалдарыңа қарайды» деп бұйырады. Олай болса имандылық мен тақуалықтың мекені саналатын жүрек тазалығы барлығынан да маңызды екендігін назардан шығармайық!

**Ш.ДОСАНБАЕВА,**  
«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлім басшысының м.у.а.

## Ислам дініндегі зайырлылық

«Зайырлылық» түсінігінің ауқымы кең. Конституциялық негіздегі «зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді. Қазіргі заманғы зайырлылық ең алдымен гуманистік құндылықтарды, соның ішінде адамның ар-ождан және наным-сенім бостандығын еркін жүзеге асыруды қамтиды. Зайырлылық – әр адамның дүниетанымының еркіндігін құптай отырып, қоғамның рухани саласындағы ой-сананың көптүрлілігін мойындау. Мемлекеттің зайырлы сипаты оның діннен ажыратылғанымен ғана емес, сонымен қатар атеистік, секуляристік идеологияның немесе басқа да бір дүниетанымының басымдылығын мойындамайтынымен де сипатталады. Зайырлы мемлекет азаматтық қоғамның құрамдас элементі ретіндегі діни бірлестіктердің қызметін де реттеп отырады.

Өзге дін өкілдерімен қарым-қатынастың негізгі қағидалары ислам шарифатының қайнар көздері – Құран мен сүннетте белгіленген. Аталған қағидаларға сүйене отырып, ислам пайда болғалы бері он төрт ғасырдың ішінде басқа діндермен бейбіт қарым-қатынас жасау жолға қойылған. Ислам діні туындаған кезден бастап өзінің географиялық орналасу аймағына сәйкес қатар қоныстанған иудейлермен, христиандармен және басқа да дін өкілдерімен қажетті байланыс орнатты. Құранда «Кітап иелері» деп аталған иудей және христиан діни өкілдерімен бейбіт қатар өмір сүрудің исламда орнықты дәстүрлері қалыптасқан. Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандарға: «Сендерге кітап иелерін, яғни христиандар мен еврейлерді аманат етемін», – деп өсиет қалдырған. Екінші бір хадисте: «Кімде-кім Кітап иелерін жәбірлесе, ақыретте мен оның дұшпанымын», – деп қатаң ескерткен.

Өз заманында Мұхаммед Пайғамбар өзге дін иелеріне де мейіріммен, қамқорлықпен қарай отырып, ортақ түсінік пен татулықты сақтауға күш салып, өзге дін иелерінің құқығын мұсылмандармен бірдей дәрежеде ұстады. Ардақты Пайғамбар (с.а.с.) хадисінде: «Кім зимми адамды (мұсылмандармен бірге өмір сүретін өзге дін адамын) өлтірсе, ол жәннаттың исін де иіскемейді. Әрине, жәннат исі жетпіс жылдық қашықтықтан келіп тұрады», – десе, келесі бір хадисте: «Кім уәделескен (өзге діндегі) адамға зұлымдық жасаса немесе оның ақысын бермесе, оны шамасы жетпейтін нәрсеге мәжбүрлесе, оның ризалығынсыз мүлкін тартып алса, қиямет күні мен сол адамның кегін алып беремін», – деп қатаң ескертеді.

Ислам барлық діндерді құрметтейді, сөбебі барлық діндердің тамыры біреу. «Әли Имран» сүресінің 84-ші аятында: «Біз Аллаға, өзімізге түсірілген Құранға, Ыбырайым, Ысмайыл, Ысқақ, Яғқұптарға және ұрпақтарына түсірілгенге және Мұса, Файсаларға, сондай-ақ Пайғамбарларға Рабыларынан түсірілгенге де иман келтірдік; ешбіреуінің араларына айырмашылық жасамаймыз», – делінген. Сонымен қатар, «Хужурат» сүресі, 13-аятта: «Уа, адамзат! Біз сендерді ер мен әйелден (Адам Ата мен Хауа Анадан) жараттық. Өзара қарым-қатынас жасап, араласып өмір сүрулерің үшін ұлттар мен тайпаларға бөліп қойдық», – деп әрбір ұлттың дербес өмір сүруге құқылы екендігі көрсетілген.

Қорытындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ислам дінінде зайырлылық принциптеріне қайшы келетіндей арнайы шариғи шешімдер жоқ десек те болады. Керісінше еліміздің өркендеп және қарыштап дамуына, конфессияаралық келісімнің озық үлгісін көрсетуде ислам дінінің алатын орны ерекше. Қырандап ұшқан құстың қос қанатының бірін ислам, бірін зайырлылық десек артық айтпағанымыз болар.

**І.НАҒЫЗХАН,**  
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің маманы.

## Йод тапшылығының алдын алу

Йод – ағзада өндірілмейтін микроэлемент. Бұл адам ағзасындағы үйлестірілген микроэлементтердің бірі болып табылады, сондықтан оның қорын уақытылы мұқият қадағалау қажет. Оны қадағалау қарапайым қағидалардан тұрады:

- теңіз өнімдерін қабылдау: (балық, ас шаяны, ламинария және балдырдың басқа да түрлері);

- тағам рационына сүт және жұмыртқа саруызын қосу;

- тағамға дәмдеуіш ретінде кез-келген супермаркеттен оңай сатып алуға болатын йодталған ас тұзын қолдану;

Ағзамыз басқа да пайдалы микроэлементтерге мұқтаж болғандықтан, рацион тек құрамында йоды бар өнімнен ғана болмауы керек екенін есте ұстау керек. Ересек адам-

дар үшін йод қабылдаудың нормасы тәулігіне 150-ден 200 микрограмм болуы тиіс. Ал, жүкті және бала емізетін әйелдер үшін көрсеткіш 200-300 мкг-ге дейін көтеріледі. Тағамдардың арасында йод мөлшері мейлінше жоғары өнім деп - теңіз балықтары мен теңіз өнімдерін (800-1000мкг/кг) айтуға болады. Халық арасында танымалы – теңіз қырыққабаты (ламинария). Сондай-ақ, йод балық майында да көп. Одан кейінгі сатыда – сүт, жұмыртқа, ет және бидай өнімдері тұр. Йод тапшылығын қазірде қарапайым тұзды бұл өніммен байыту арқылы жоюдамыз. Йодталған тұз нанға, су мен өзге де өнімдерге қосылды. Сөйтіп, әр адам күнделікті ағзаға қажет мөлшерді алуда. Адам күн сайын йодталған тұзды тағам арқылы пайдала-

на отырып, ағзаға қажет микрорезиденттің тәуліктік сұранысын қанағаттандырады. Әлемдік тәжірибе тамаққа йодталған тұзды пайдалану – йод тапшылығының алдын алудың ең қарапайым, қолжетімді, тиімді әдісі екендігін айтады. Өйткені, тұз – тағамға арнайы өңделмей қосылатын жалғыз минерал болып табылады. Калий йодаты көп уақытқа сақтау кезінде де, тағамды термикалық өңдеу кезінде де өз күшін жоймайды. Және өнімдердің түсі мен дәмі де оған еш әсері жоқ. Шындап келгенде, йодпен қаныққан тұз – дәрі емес. Ол қарапайым тағам, нақтырақ айтсақ, профилактикалық өнім. Сондықтан, оның адамға еш кері әсері жоқ.

**Х.ОСПАНОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ басшы.

## Жедел ішек инфекцияларының алдын-алыңыз!

Жедел ішек инфекциясы (ЖИИ) – әр түрлі микрорганализмдер (бактериялар, вирустар, қарапайымдылар) қоздыратын, клиникалық белгілері асқазан-ішек жолының әрекетінің бұзылуымен байқалатын және де басқа да белгілері ұқсас жұқпалы аурулардың тобы. Жұқпаның көзі-қоздырғыштарды тасымалдайтын ауру адамдар және жануарлар. Таралу жолдары: тамақ арқылы гастроэнтерит симптомокомплексін қалыптастырады (тамақ токсикоинфекциясы). Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, мәселен, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдарды пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ ауыз суды қайнатпай ішкендіктен, лас суға тұскендіктен жағдай. Жаз айларында инфекцияны көп жағдайда шыбындар таратады. Аурудың белгілері: дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, тәбеттің нашарлауы; іш өту, құсу, іштің кебуі, құрсақтың ауруы, мазасыздану, шөлдеу. Құсқанда және іш өткенде адам сұйықтықты жоғалтады, соның нәтижесінде ағзадағы су алмасу процесі бұзылып, жүректің тамырлардың, бүйректің және басқа да ағза-

лардың қызметінің бұзылуына әкеп соғады. Сондықтан жоғалған сұйықтықтың орнын толтыру үшін: емшек сүті (нәрестелерге) айран, күріш суы, қайнатылған және салқындалатын су, ауыз арқылы ішетін тұзды минералды су ерітіндісі – Регидрон ұнтағының бір пакеті қайнатылып, бөлме температурасында суытылған 1 литр суға дайындайды. Дайын ерітіндіні әрбір 3-5 минут сайын ішу керек. Ішек инфекциялары бұрынғы заманнан бері кір қолдың ауруы деп аталып келіп, онымен салақ адамдардың жиірек ауыратындығы дәлелденген. Шынында біз күн сайын күні бойына кір заттармен жанасамыз. Ішек инфекцияларының алдын алуға болады және алдын алу керек. Бұл үшін алдын алудың қиын емес, бірақ өте тиімді ережелерін білу керек және қатаң түрде сақтау керек. Сол үшін «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөздер әрқашан да өз маңызын жоймайды.

**А.УТЕПОВ,**  
Созақ аудандық эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

## БЖЗҚ салымшылары өз жинақтары туралы ақпаратты қалай алады?

Өзінің жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірме алу – БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) заң жүзінде бекітілген құқығы. Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты келесі тәсілдермен алуға болады:

электрондық тәсілмен:  
- БЖЗҚ-ға ұсынылған электрондық пошта арқылы;  
- жеке кабинет арқылы;  
БЖЗҚ кеңсесіне тікелей өзі келгенде;

пошта байланысы арқылы.  
Бәрінен де ең оңай әрі немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы хабарлау әдісі ең көп сұранысқа ие. Бұл хабарлау тәсілін 6,3 млн-нан астам ЖЗШ иесі пайдаланған, аталған көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 20 есеге артық.

Зейнетақы жинақтарының ахуалы туралы ақпаратты қашықтан алудың тағы бір форматы – салымшы (алушы) өзі таңдаған кестеге сәйкес (ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл сайын) БЖЗҚ-ға ұсынған мекенжайға ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу. Қазіргі уақытта кесте таңдалмайды, әдепкі жағдайда жыл сайын деп белгіленеді. Ағымдағы жылдың екінші жарты жылдығының басында 800 мыңға жуық адам хабарлаудың осы тәсілін таңдады.

Қазір БЖЗҚ-да зейнетақы жарналарының барлық түрі бойынша ЖЗШ өтінісіз ашылуға. ЖЗШ ашқан кезде БЖЗҚ-ның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру тәсілі «БЖЗҚ-ға өзі

келіп өтініш жасаған кезде» деп автоматты түрде белгіленеді, оны салымшы (алушы) өз бетінше өзгертуге құқылы.

Ақпарат алу тәсілін анықтау немесе өзгерту мақсатында салымшы (алушы) тиісті келісімді БЖЗҚ кеңсесінде немесе БЖЗҚ сайтында жасауы қажет. Ескере кететін жәйттар:  
- БЖЗҚ сайтында бір ғана – «жеке кабинет арқылы» хабарлау әдісін таңдауға болады;  
- салымшы (алушы) ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның сайты мен мобильді қосымшасы және электрондық үкімет арқылы келісім жасаспай-ақ ала алады.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Созақ аудандық мәслихат шешімінің жобасы

## 2022 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3-бабының 1, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 «Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Созақ ауданы бойынша 2022 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері бір шаршы метр үшін 25,79 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

**Б.Байғараев**

\* \* \*

## Об утверждении минимального размера расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума на 2022 год

В соответствии с п. статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», с подпунктом 15) п. статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», п. исполняющего обязанности Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 30 марта 2020 года № 166 «Об утверждении Методики расчета сметы расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, а также методики расчета минимального размера расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума», Созакский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить минимальный размер расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума на 2022 год по Созакского района в сумме 25,79 тенге за квадратный метр.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь районного маслихата

**Б.Байғараев**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Нұра топтық су құбыры» РМК-ның «Оңтүстік ауызсу» филиалының «Тасты-Шу ТСЖ» өндірістік бөлімшесіне қарасты Тасты, Қылти және Шу елді мекендеріндегі жеке су тұтынушыларына**

Түрістан обылыстық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы «Түркістан облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшаулау жүйелерінің халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» №13/129-VII шешіміне (ҚР Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 желтоқсанда №25922 болып тіркеледі) сәйкес, 2022 жылдың 01 қаңтарынан бастап халыққа берілген ауыз судың бір текше метрі үшін төленетін төлемақы мөлшері 30 теңгеден, 40 теңгеге қымбаттаған болатын.

Алайда, 2022жылдың қаңтар айындағы төтенше жағдайға байланысты 180 күн мерзімге халық үшін коммуналдық қызметтер тарифтерін, оның ішінде ауызсу төлемақысын көтеруге мораторий енгізілген болатын.

Аталған мораторий мерзімі 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін (180 күн мерзім) әрекет етеді.

Енгізілген мораторий мерзімінің аяқталуына орай 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап халыққа берілген ауыз судың бір текше метрі үшін төленетін төлемақы мөлшері – 40 теңге болатынын хабарлаймыз.

**«Тасты-Шу ТСЖ» өндірістік бөлімшесі:**  
Байланыс сымтетік: 23-0-12

## Жұмақтан болсын мекенің...



Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан, **Кемелбаев Жәнібек Шәріпбекұлының** дүниеден өткеніне бір жылдың жүзі болды. Асыл бауырымыздың нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Біздер үшін асқар едің, шың асқақ, Сенсіз қалды жанымызда шын ақсап.**

**Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,**


**Кеттің бауыр, жанымыздан жырақтап,** - деп, асыл бауырымыз Жәнібек Шәріпбекұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 02 шілде күні (01 шілде – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесіндегі өз шаңырағы- №76 үйде, сағат 12:00-де беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Ата-анасы, бауырлары, жұбайы, Кемелбаевтар әулеті.**

Олар-бұл өмірдегі ең жанашыр, ең қамқор, ең мейірбан адамдар. Олардан артық сені түсінетін, тілеуінді тілейтін, адам жоқ. Олар малын да, барын да, денсаулығын да, қажыр-қаратында саған жұмсаған. Сен осы кісілердің арқасында адамсың.

Әкеміз Ибаділдә 1922 жылы қасиетті Қаратаудың теріскей өңірінде, дәлірек айтқанда Созақ ауданының Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Әкеміз екі ағайынды кісі болған. Ағасы Пайзілдә соғысқа дейін сол кездегі «Жаңатілек» деп аталатын колхоздың әртүрлі шаруашылық саласында еңбек етеді. Кезін көрген көнекөз қариялардың айтуынша сөзге шешен, суырып-салма ақындығы болған кісі екен. Өкінішке қарай, ол кісінің шығарған өлеңдері сақталмаған. «Соғысқа кетерде қалың екі дәптер тола



ашылығында шопан болып еңбек етті. Қыстың суығына тоңып, жаздың аптап ыстығына күйіп, шопан болып еңбек етуде оңай шаруа емес екені баршаға белгілі. Дегенмен көктемгі мал төлдету, күзде ұрықтандыру, қыста мал басын шығынға бермей, аман сақтап, мемлекеттің малын қонды ұстау үлкен жауапкершілік пен талмай еңбек етуді талап етеді. Міне, осы тұрғыда әкеміз үлкен абыроймен еңбек ете білді. Қарапайым еңбегінің арқасында аудан көлеміндегі мақтаулы шопандардың бірі болды. Оның дәлелі ретінде әр жылдардың қорытындысы бойынша еңбектері бағаланып, заттай, қаржылай сыйақыны бірнеше рет алып, қошеметке бөленді.

Жастайынан жетімдіктің, жалғыздықтың тағдыр тауқыметін көріп өскен әкеміз көп балалы отбасы

# Ата-анаға деген сағыныш

өлеңдерін маған аманаттап беріп кетіп еді, сол кездегі тұрмыс тауқыметімен жүріп, жоғалтып алдым»-деп әкеміз өкінішпен айтып отыратын. Пайзілдә көкеміз 1941 жылы Ұлы Отан соғысы, басталғанда елмен қатар Отан алдындағы азаматтық борышын атқаруға Отан қорғауға майданға аттанады.

Екі айдан кейін Беларусь майданында соғысқа кірдік деген хат келеді. Осы хат көкеміздің алғашқы да соңғы хаты болады. Соғыста қайтыс болды, не болмаса жау қолына түсті деген дерек болмай, хабар ошарсыз кетеді. Әкеміз төрт жасқа келгенде, шешесі Шәрипа әкеміз дүниеден өтеді. Екі баласының тұрмыс тауқыметі тәрбиесі атамыз Тәпіге қалады. Балаларын асырау, тәрбиелеп жетілдіру үшін сол кездегі «Жаңа тілек» деп аталатын колхозда падашы болып, ірі қара малдарды бағады. Бір күні алдындағы бағып жүрген пададан бір бас өгіз жоғалады. Бұл кезең қазақтың басына зор нәубет тудырған алапат ашаршылық жайлаған кезең болатын. «Колхоз малын әдейі жоғалттың, кеңес үкіметіне қарсы шықтың тап жаусың»-деп сол кездегі шалақ белсенділер атамызды соттатып жібереді. Қарағандыдағы түрмеде төрт жыл мерзімін өтеп, енді елге қайтамын деп жүргенде белгісіз біреулер өлтіріп кетеді. Бұл уақыттарда әкеміз сегіз, тоғыз жастарда екен. Сөйтіп әкеміз ағасы екеуі әке-шешеден жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының қолында тәрбиеленеді. Ол кезде колхоздың барлық жұмысы қолмен атқарылады. Еңбекке жарамды барлық балалар жұмысқа тартылатын. Әкеміз жастайынан еңбекке араласып егін егу, жер жырту, масақ теру, мал сауатын кезде көген байлап, малдарды көгендеу, майданға жіберілетін азық-түлік, астық бар, басқасы бар дегендей, тырбанып барлық жұмысты істедік деп айтып отыратын. Осындай қиындықпен жүріп сол кездегі сауат ашу мектебінде оқып, білім алады. Кейін жеті жылдық мектепте білімін жалғастырады. Есейіп ер жеткенде, жеті жылдық біліммен Жаңатілек

колхозында іс-қағаздарын жүргізуші, табельші болып әртүрлі қызметтер істейді.

Анамыз Мықтыбекқызы Орынкүл тазша, ұлы жүздің қызы болмысынан өте сабырлы, иман жүзді, мейірімді жан еді. Ол кісі 1927 жылы Қаратаудың Күнгеі өңірі Тасқұдық (бұрынғы «Қызылту» колхозы) деген жерде дүниеге келген. Бір әке-шешеден бір ұл, үш қыз екен. Біздің анамыздың жастау кезінде нағашы атамыз Мықтыбек қайтыс болады. Әкесі өмірден өткеннен кейін, анамызды Мықтыбек атамыздың туған ағасы Манап деген кісі қолына алып тәрбиелейді. Манап атамыздың да алғашқы алған әйелі қайтыс болып, әкеміздің әкесі Тәпінің туған ағасы Көкен атамыздың қызы Күлай апамызға үйленген екен. Әкемізбен анамыздың көңіл жарастырып, екі жарты бір бүтін болып, отбасын құруға Күлай апамыз себепкер болады. 1947 жылдың жазғы айларында өзінің болашақ шаңырағының ұйытқысы шешемізді алып келуге елдегі құрдастары ауыл мұғалімі Сайлау мен Рысқұл көкелерімізді ертіп барады. Шешеміздің ауылы Ащысай маңында шылбыр деген жерде болады. Манап атамыз бен Күлай апамыздың ризашылығын алғаннан кейін, сол ауылда тұратын Құлыншақ ақынның шәкірті, жыршы Сұлтанбек Аққожаев былай деп бата берген екен.

Ауылымыздан қыз алдың қара бала,

Біз өсірген екенбіз саған бола.

Тату-тәтті тұрындар жұпты жазбай,

Бұл қызымыз болмасын ешбір нала.

Үлкен кісілердің батасын алғаннан кейін, төртеуі екі атқа мінгесіп елге келеді. Ол кезде техниканың атымен жоқ кезі. Анамыздың келін болып алғашқы түскен үйі Өтеп ата ұрпақтарынан тараған Дөнтәй деген жамағайын кісінің үйі болады. Соғыстың зардабынан елдегі жағдай әлі түзеле қоймаған уақыт. Ағайын арасында беташар жасап той өткізуге, сойысқа мал жоқ. Осы жағдайды білген әкеміздің жақын ағасы Дүйсенбі атамыз таң атпай тауға аңға шығып кетіп, түн ауа

үлкен арқардың құлжасын атып алып келеді. Сөйтіп, ертеңіне беташар той жасайды.

Дүйсенбі атамыздың аңшы болғанын, құралайды көзге атқан мерген екенін елдің тұрғындары жақсы біледі. Аңға шыққанда қақпанды, тұзақты қалай және қай кезде құру керек екенін жақсы білетін. Тауға аңға кетсе қанжығасы бос қайтпайтын деп, әкеміз ағасы туралы еске алып айтып отыратын. Дүйсенбі атамызды елдегі жеңгелері «мерген қайным», келіндері «мерген қайынаға» деп атап кеткен. Бізде ес білген шағымызда ол кісінің аңшылығы, мергендігі туралы ел аузындағы әңгімелерді талай естігенбіз.

Қашаннан қазақ жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған халық ғой. Әкеміз бен анамыздың отбасылық алғашқы бір жылдық өмірі Дөнтәй ағайынының үйінде өтеді. Келер жыл жаз шыға ағайындар ақылдасып, Қосқоңыр аталып кеткен екі биік төбенің етегінен, өзеннің бойынан асарлатып шағын (қоржын там) үй салып береді. Сөйтіп ағайындар үйге керекті тұрмыстық заттарын жинап беріп, жеке үй етіп шығарады. Әкеміз бен анамыз Дөнтәй көкеміз бен ол кісінің кемпірі Сұрқан апамызға ризашылықтарын білдіріп, отбасы болып қалыптасуына ол кісілердің көп көмегі тигенін, әңгіме етіп айтып отыратын.

1955-56 жылдары сол кездегі «Бірінші май», «Сталин», «Жаңа тілек» деп аталатын колхоздар біріктіріліп, аудан орталығындағы Калинин атындағы совхозға қосылады. «Шилі өзен» мен «Жартытөбе» өзенінің бойында отырған үш колхоздың халқы жаңа қоныс Аққолтыққа көшіріледі. Біздің балдаурен балалық шағымыз, мектеп табалдырығын алғаш аттаған кезіміз осы ауылда өтті. 1962 жылы «Жартытөбе» Калинин совхозынан бөлініп, өз алдына жеке совхоз мәртебесіне ие болады. Әкеміз 1962 жылдың осы совхозда кіші мал дәрігері (санитар), қоймашы, №3 фермада шаруашылық меңгерушісі (завхоз) болып, түрлі салада еңбек етті. 1976 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін мал шару-

болуды қалады. Ұрпағының көп болуын ойлады. Құдайға шүкір ұл-қыздарынан, немерелерінен тараған ұрпақтары қазір үлкен әулетке айналды. Әкеміз бен анамыз маңдай термен еңбек етіп, балашағасын асырады. Қолдарынан не келсе де балалары үшін жасады. Тағылымды тәрбиесін берді. Барлығымыздың аяғымыздан тік тұрғанымызды қалады. Қолдарынан келгенше оқытты, қатарға қосты. Балаларына ешкімнің ала жібін аттамаңдар, ешкімді ренжітпеңдер, түзу жүрсең, ашығын айтсаң, ертең осы мінез сендерге жақсылық әкеледі деуші еді. Әкеміздің анамыздың қарапайымдылығы, азға қанағатшылдығы біздің де қанымызға сіңді. Таза жүруге, таза болуға тәрбиеленді. Осы берген тәрбиесінің арқасында еш жаманшылық, қиындық көрмедік. Әкеміздің пейілі, анамыздың мейірі болса керек, бала күнімізден бір бірімізге бауырмал, ынтымақты болып өстік. Әрқайсымыз қоғамнан өз орнымызды тауып, бір бір отбасы болып жүріп жатырмыз. Ата ана мен бала махаббаты жылдар бойы жазылып, ақын-жазушылар тоқтаусыз жырласа да құнын жоғалтпайтын, мәні мен мағынасы жоғары сезім...

Қазір елу, алпыс, жетпісті еңсерсек те ата-ана алдында мәңгілік сәбиміз. Кейде әкеміз бен анамызды аңсаймыз, сағынамыз, дұғасы мен махаббатына зәру боламыз. Ағайын-туыс, бауыр бүтін. Жүз ағайын жүрсе де әке мен анадай болмайды. Ауылға барып туған жердің топырағын аңсап тұратын кездер болады. Алайды сол қара шаңырақта жадырап қарсы алатын ата-ананың жоқтығы жүректі ауыртады. Осы жазбамның соңында ағайынға айтарым бір ата-анадан тараған ұрпақтардың күш қуаты оларға қызмет етумен өлшенетінін ұмытпайық!

**Әшімхан ТӘПІ,**  
**ҚР Білім беру ісінің үздігі,**  
**Созақ ауданының Құрметті**  
**азаматы, ардагер ұстаз.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450  
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.